

**"ҚХЖБ-топ" (Қазақстан Халықтық Жинақ Банкі) ұлттық инвестициялық қаржы акционерлік компаниясы" жабық акционерлік қоғамын құру жөніндегі шаралар туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1998 жылғы 29 қыркүйек N 965. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2000.03.29. N 460 қаулысымен. ~P000460

"ҚХЖБ-топ" ұлттық инвестициялық қаржы акционерлік компаниясы" жабық акционерлік қоғамын құру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1998 жылғы 2 шілдедегі N 4003 Жарлығын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "ҚХЖБ-топ" ұлттық инвестициялық қаржы акционерлік компаниясы" жабық акционерлік қоғамы (бұдан әрі - "ҚХЖБ-топ") құрылсын.

2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі белгіленген тәртіппен:

1) "ҚХЖБ-топ" компаниясының жарғылық капиталын 10 000 000 (он миллион) теңге мөлшерінде қалыптастырсын, көрсетілген қаражатты Қазақстан Республикасы Үкіметінің резерв қорынан бөлсін;

2) "ҚХЖБ-топ" компаниясының жарғысын бекітсін, онда "ҚХЖБ-топ" ұлттық инвестициялық қаржы акционерлік компаниясы" жабық акционерлік қоғамын құру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1998 жылғы 2 шілдедегі N 4003 Жарлығының 1-тармағындағы 3)-тармақшасымен айқындалған қызмет түрі оның қызметінің негізгі нысанасы болып

көзделсін.

3) "ҚХЖБ-топ" компаниясы акцияларының мемлекеттік пакетін "Қазақстан Халықтық Жинақ Банкі" ашық акционерлік қоғамына сенімгерлік басқаруға берсін.

3. Осы қаулының атқарылуына бақылау жасау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңсесіне жүктелсін.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК